

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 1756

Өзара бюджеттік берешекті қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп Машина жасау зауыты" акционерлік қоғамының республикалық бюджетке қосымша құнға салынатын салық бойынша 14 (он төрт) млн. теңге сомасындағы және " Киров атындағы зауыт өндірістік бірлестігі" акционерлік қоғамының 3 (үш) млн. теңге сомасындағы, заңды тұлғаларға салынатын табыс салығы бойынша - "Серебрянск органикалық емес өндірістер зауыты" акционерлік қоғамының 8,4 (сегіз миллион төрт жүз мың) теңге сомасындағы республикалық бюджетке берешектеріне есептеу жүргізісін.

Көрсетілген сомалар 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетіле отырып, аталған акционерлік қоғамдарды конверсиялауға арналған шығыстарды қаржыландыру жөніндегі республикалық бюджет берешегінің есебіне есептелсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары